


# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

## КЕЛІСІЛДІ

Ғылым және стратегиялық  
даму вице-ректоры  
 А.Е. Ошибаева  
06.02. 2025 жыл.

## БЕКІТІЛДІ

Ясауитану ғылыми-зерттеу  
институтының директоры  
 Б.Н. Сайфунов  
05.02. 2025 жыл.

## «Ясауи хикметтерін жатқа айту» интеллектуалды сайысының ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі – Ахмет Ясауи университеті) білім алушылар арасында өткізілетін сайыстың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Сайыстың Ережесін Ахмет Ясауи университетінің Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының кеңесі бекітеді.

«Ясауи хикметтерін жатқа айту» интеллектуалды сайысы 2025 жылдың 5-6 мамыр күндері Түркістан қаласында, Ахмет Ясауи университетінде өтеді.

### Сайыстың мақсаты мен міндеттері:

- Қожа Ахмет Ясауидің даналық мұрасын білім алушылар арасында кеңінен насихаттау;
- Түркі әлеміне танымал тұлғаның шығармашылығын терең меңгеруге және зерттеуге ынталандыру;
- Білім алушы жастардың интеллектуалдық деңгейін, ойлау қабілетін дамыту;
- Қожа Ахмет Ясауидің ғибратты өмірі мен өнегесі арқылы білім алушыларды адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.

### II. Сайыстың өткізілу тәртібі

#### 2.1. Сайысқа қатысу тәртібі

Сайысқа Ахмет Ясауи университетінде білім алатын барлық мамандықтардың білім алушылары қатыса алады. Қатысушылар Қожа Ахмет Ясауидің «*Диуани хикмет*» еңбегінен тандап алынған 40 хикметті университеттің <http://ayu.edu.kz/> веб-сайтынан оқып, жүктей алады.

#### 2.2. Сайысты өткізу тәртібі

##### I кезең

Сайысқа қатысушылар алдын ала тіркеледі. Тіркелген қатысушыға арнайы нөмір беріледі. Кейін жеребе арқылы анықталған тәртіп бойынша қатысушылар кезекпен сахнаға шақырылады.

Қатысушылардың «*Диуани хикмет*» шығармасындағы хикметтерді жатқа меңгеру деңгейін бағалау мақсатында жүргізуші кез келген хикметтен үзінді оқиды. Белгілі бір жерге тоқтағаннан кейін, ол үзіндіні кез келген қатысушыға жалғастыруды ұсынады. Қатысушы үзіндіні жаңылыспай әрі дұрыс жалғастырып айтуы тиіс. Ол бір немесе бірнеше шумақты мүдірмей айтып шыққан соң, жүргізуші келесі қатысушыға хикметті үзілген жерінен жалғастыруды тапсырады. Бұл үдеріс 40 хикметтің әртүрлі бөліктерінен (басы, ортасы, соңы немесе аралық шумақтар) үзінділер алу арқылы жалғасады.

Егер қатысушы:

- Хикметті жалғастыру барысында кідіріп қалса;
- Ұмытып, тоқтап қалса;
- Қателесіп, шумақтардың ретін бұзса;



оның бір ұпайы шегеріледі. Әр қатысушыға үш мүмкіндік беріледі. Үш рет қателескен жағдайда, қатысушы жарыстан шығарылады.

- Сайысқа қатысушыларды бағалау **10 балдық жүйе** бойынша жүргізіледі;
- Қатесіз, мүдірмей орындаған қатысушы – **10 балл** алады;
- Бір рет мүдірген қатысушы – **9 балл** алады;
- Екі рет қателескен қатысушы – **8 балл** алады;
- Үш рет қателескен қатысушы **сайыстан шығарылады**.

**I кезеңнің мақсаты:** білім алушылардың хикметтерді меңгеру деңгейін, зейіні мен есте сақтау қабілетін анықтау.

## II кезең

Іріктеу кезеңінен өткен қатысушылар сайысты жалғастырады. Сайыскерлер алдыңғы кезеңдегідей бірнеше топқа бөлінеді. Бұл кезеңде әр қатысушыға **үш сұрақ** қойылады. Сұрақтар келесі тақырыптарды қамтиды:

- Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығы;
- «*Диуани хикмет*» еңбегіндегі негізгі ұғымдар;
- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, ондағы жәдігерлер және олардың тарихи маңызы;
- Кесенедің жерленген тұлғалар туралы мәліметтер;
- Хикметтердегі тірек сөздердің мән-мағынасы мен шумақтарын толық айту.

Қатысушылар барлық сұрақтарға толық және дұрыс жауап берген жағдайда жоғары ұпай алады.

### Бұл кезеңнің мақсаты:

- Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығы туралы қатысушылардың білім деңгейін саралау;
- Хикметтердегі рухани ұғымдарды қаншалықты меңгергенін анықтау;
- Кесене мен ондағы жәдігерлердің тағылымдық мәнін түсіну деңгейін бағалау.

Сұрақтар **билеттер түрінде** ұсынылады немесе техникалық мүмкіндіктерге байланысты **компьютерлік жүйеде** ұяшықтар арқылы жасырылуы мүмкін. Қазылар алқасы қажет болған жағдайда қатысушыларға қосымша сұрақтар қоя алады.

Қатысушылар **10 балдық жүйе** бойынша бағаланады:

- Үш сұраққа толық әрі дұрыс жауап берген сайыскер **ен жоғары ұпайды** алады.

## Сайыстың сұрақтары

Сайыс барысында қойылатын сұрақтар төмендегі тақырыптарды қамтиды:

### 1. Қожа Ахмет Ясауи туралы

- Қожа Ахмет Ясауидің өмірі, шығармашылығы және діни-философиялық көзқарастары.

### 2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихы

- а) Кесененің салыну тарихы;
- ә) Кесененің құрылыс ерекшеліктері;
- б) Кесенедегі жазулар және олардың мағыналық мазмұны;
- в) Кесенені жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарының тарихы;
- г) Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы сыйға тартылған көне жәдігерлердің символдық мәні (лауха (ту), шырағдан, есік, тайқазан және т.б.).

### 3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген тарихи тұлғалар

- Тарихи тұлғалардың өмірі, қызметі және олардың Қазақстан тарихындағы рөлі.

### 4. Қазақ елінің тарихына байланысты сұрақтар

- Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен даму кезеңдері;
- Қазақ хандығы, отарлық дәуір және тәуелсіз Қазақстан тарихы.

### 5. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени мұралар

- Түркістан өңіріндегі маңызды тарихи-мәдени ескерткіштер, олардың тарихи және рухани құндылығы.

## Жеңімпаздарды анықтау



Екінші кезең аяқталғаннан кейін, барлық кезеңдерде жинақталған ұпайлар есептеледі. **Ең жоғары нәтиже көрсеткен сайыскер жеңімпаз** деп танылады. Осы жүйе негізінде қалған қатысушылар да **жүлделі орындарға** ие болады. Сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне **арнайы сыйлықтар беріледі, марапатталады.**

### **III. Жұмыс органдары**

#### **3.1. Ұйымдастырушы орган**

Сайысты ұйымдастырушы орган – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **Ясауитану ғылыми-зерттеу институты.**

#### **3.2. Сайысты ұйымдастыру және өткізу**

«Ясауи хикметтерін жатқа айту» интеллектуалды сайысының ұйымдастыру жұмыстарын **Ахмет Ясауи университетінің Ясауитану ғылыми-зерттеу институты** жүзеге асырады.

#### **3.3. Ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Ұйымдастыру комитетінің құрамына **институттың ғылыми қызметкерлері мен Ясауитанушы ғалымдар** кіреді.

#### **3.4. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері**

Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды орындайды:

1. Сайысты өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
2. Сайысқа тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
3. Сайыстың қорытындыларына талдау жасап, жинақтап қорытады;
4. Сайыс материалдарын баспасөзде жариялау жұмыстарын ұйымдастырады;
5. Сайыс туралы толық ақпаратты <http://ayu.edu.kz/> ресми сайтынан алуға болады.

### **IV. Сайыстың қазылар алқасы мен қатысушыларға қойылатын талаптар**

#### **4.1. Қазылар алқасының құрамына қойылатын талаптар**

«Ясауи хикметтерін жатқа айту» интеллектуалды сайысының **қазылар алқасының құрамына** университеттің оқытушы-профессорлары, Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері, Ясауитанушы ғалымдар және өзге де білікті мамандар кіреді. **Қазылар алқасы 3-5 адамнан** құралады.

#### **4.2. Сайысқа қатысушыларға қойылатын талаптар**

- Сайысқа қатысу үшін үміткерлер **2025 жылғы 25 сәуір күні, сағат 17:00-ге дейін** ұйымдастыру комитетіне өтініш беріп, тіркелуі қажет.
- Қатысушылар сахнаға **әдеп нормаларына сәйкес келетін киім** киіп шығуы тиіс.
- Әрбір қатысушының **жауапты жетекшісі (бір өкілі)** болуы қажет.

### **V. Сайыс жұмысын қорытындылау және марапаттау рәсімі**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ясауитану ғылыми-зерттеу институты жыл сайын ұйымдастыратын **«Ясауи хикметтерін жатқа айту»** интеллектуалды сайысының ашылу рәсімі мен қорытынды кезеңі **салтанатты жағдайда** өткізіледі.

#### **5.1. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі**

Сайыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Жүлделі орындар келесідей белгіленген:

Бас жүлде – 1, I орын – 1, II орын – 1, III орын – 1, Ынталандыру сыйлықтары – 10.

### **VI. Байланыс және ұйымдастырушылардың мекенжайы**

Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Бас ғимарат), Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, 507, 510А-кабинеттері. *Байланыс:* +7708-919-72-78, *e-mail:* [togzhan.urumova@ayu.edu.kz](mailto:togzhan.urumova@ayu.edu.kz). Қосымша ақпарат алу үшін: Ресми сайт: <http://ayu.edu.kz/>